

УДК 327.39

**«ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУІ»-АЙМАҚТЫҚ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ КОНЦЕПЦИЯСЫ**

**Қақар Қанат**

*[haharhanat@gmail.com](mailto:haharhanat@gmail.com)*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Аймақтану кафедрасының  
докторанты.

Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – Қ.Даркенов

Аймақтық экономикалық ынтымақтастық туралы әлемдегі зерттеушілердің тұжырымдамалары түрліше. Батыстық зеріттеушілер аймақтық экономикалық интеграция теориясын (Regional economic integration), аймақтық өсу және жергілікті даму теориялары (Regional Growth and Local Development Theories), аймақтық тәуелділік (Regional interdependence) және тағы басқа теорияларды қолдана отырып аймақтық экономикалық қатынастарға өзіндік тұжырымдама береді. Дегенмен, аймақтық экономикалық ынтымақтастық туралы концепция біртіндеп дамуда. Осы зерттеу жұмысына негіз болған «Бір белдеу бір жол» стратегиясының бір бағыты болған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасы Қытай елінің Орталық Азия елдеріне қатысты өте ауқымды, күрделі жобасы. Қытай зерттеушілерінің өзіндік концепциялары мен көзқарастары бар. Қытай елінің халықаралық қатынастарды зеріттеуші ғалымы Шен Бомин (沈伯明) өзінің «Жаңа халықаралық экономикалық ынтымақтастық» кітабында халықаралық экономикалық ынтымақтастықты: «Егеменді елдер (немесе аймақтар), елдер тобы және халықаралық ұйымдар арасында еріктілік пен теңдік және өзара тиімділік негізінде өндіріс саласында, сонымен бірге табиғи ресурстар, капитал, техникалық менеджмент, еңбек қызметі салаларындағы әр түрлі экономикалық барыс-келістері» [1]-деп тұжырымдағын. Бұл тұжырымдамада халықаралық экономикалық ынтымақтастық пен халықаралық сауда тұжырымдамасын бөліп қарастырған. Алайда Қытай ғалымдарының көзқарастары бір ізді болмады.

Аймақтық экономикалық ынтымақтастықты географиялық орналасуына қарай мемлекет ішіндегі аймақтық экономикалық ынтымақтастық (облыстар, штаттар, өңірлер) және халықаралық аймақтық экономикалық ынтымақтастық деп бөлуге болады. Мемлекет ішіндегі аймақтық экономикалық ынтымақтастық тек ел ішіндегі өңірлер арасындағы экономикалық байланыстарды білдірсе, халықаралық аймақтық экономикалық ынтымақтастық екі аймақ арасындағы, екі аймақтағы бір қанша елдер арасындағы немесе тек аймақтағы бір елмен өзге аймақ арасындағы ынтымақтастықты айтуға болады. Халықаралық аймақтық экономикалық ынтымақтастық елдің ұлттық егемендігіне байланысты болуы, елдер арасындағы мемлекеттік заңдарының ұқсас болмауы, мәдениет, тарихи және экономикалық ұқсастықтарына қарай халықаралық аймақтық экономикалық ынтымақтастық күрделі әрі мәселелерге толы болды.

Аймақтық экономикалық ынтымақтастық туралы тұжырымдаманы зерттеуші ғалымдар үшін қазірге дейін кең таралғын теория - «Аймақтық экономикалық интеграция». Аймақтық экономикалық интеграция теориясы кеңінен зерттеліп дамытылған теориялардың бірі. Сауда қатынастарындағы интеграциясын зерттеу және жеңілдетілген сауда келісімдеріне байланысты теориялық мәселелерді түсіндіру негізінде, Рикардоның (Ricardo) (1821 ж.) еңбегінде ол саудада әл-ауқаты жоғарылайды деп пайымдаған, өйткені сауда серіктестері өздерінің салыстырмалы шығындық артықшылығына (азшығын көп пайда келтіретін) ие тауарларды өндіруге шоғырлана алады. Якоб Винердің (Jakob Viner) «Кедендік одақ мәселесі» (The Customs Union Issue, 1951) [2] атты кітабында көбіне экономикалық интеграцияның артықшылықтары туралы алғашқы зерттеулерін айтқан. Винердің зерттеуі экономикалық интеграцияның артықшылығы және кемшіліктерін ажыратудың нақты критерийлерін анықтаған алғашқы зерттеу болып табылады. Оның экономикалық интеграцияның статикалық талдауы деп аталатын сауда жасау мен сауданы әртараптандырудың қазіргі кездегі белгілі әсерлерін ажыратады.

Винер сауданы құру елдің әл-ауқатын арттырады, ал сауданы әртараптандыру оны төмендетеді дейді. Кедендік одақтардың экономикалық әл-ауқатты арттырудағы рөлі туралы айтқан кезде ол былай дейді: ... Кеден одағы - бұл дүниежүзілік сауда кедергілерін кемсітуді азайту неғұрлым толық, неғұрлым сенімді және тең дәрежеде жасай алатын нәрсені жасаудың ішінара, белгісіз және жетілмеген құралы ... [2]. Бұнда оның айтайын дегені егер мүмкін шығындардан көбірек пайда әкелсе немесе басқаша айтқанда - интеграция сауданы әртараптандырудан гөрі көбірек сауда құруға әкелсе, елдердің интеграцияға қатысуға ынтымақ болар еді дегенді ашып көрсеткен .

Американлық экономист Бела Баласса (Bela Balassa) 1961 жылы Еуропалық интеграция туралы, өзіндік моделі - бес сатылы процесс: (i) еркін айырбас аймағы, (ii) кедендік одақ, (iii) жалпы нарық, (iv) экономикалық одақ, (v) экономикалық және валюталық одақ [3] -ды ұсынды. Сонымен қатар, оның экономикалық интеграция тұжырымдамасы туралы былай деді: «Біз экономикалық интеграцияны әрі процесс, әрі статус ретінде анықтауды ұсынамыз. Процесс тұрғысынан ол әр түрлі елдердегі экономикалық бірліктер арасындағы айырмашылықты жоюға арналған түрлі шараларды қамтиды; Статус тұрғысынан ол елдер арасындағы әртүрлі формадағы дифференциалды көзқарастардың жоғалуын көрсетеді» [4]. Бела Баласстың тұжырымдамасы ғылыми айналымға түсіп, азды көпті өзгерістермен қолданысқа енді [5,77]. Аймақтық экономикалық интеграция туралы тұжырымдамалар: біріншіден, өндірістік өнімдердің аймақтағы елдер арасында айналымға түсудің біртіндеп өсудің экономикалық процессін талқылайды. Екіншіден, аймақтағы экономикалық ресурстардың еркін айналымға түсуі туралы жол қарастырады, ең соңғы мақсаты - аймақ ішіндегі елдердің тең, тиімді, еркін айырбасын айқындайды.

Батыс зерттеушілерінің аймақтық экономикалық ынтымақтыстық жөнінде зерттеуінде кеңінен қолданылатын теорияның бірі ол аймақтық тәуелділік тұжырымдамасы (Regional interdependence). Соңғы жылдары экономикалық жаһанданудың тереңдеуімен зерттеушілер аймақтық тәуелділік теориясына қайта назар аударды. 1968 жылы американдық ғалым Ричард Купердің (Richard N. Cooper) «Өзара тәуелділік экономикасы: Атлант қауымдастығындағы экономикалық саясат» (The Economics of Interdependence: Economic Policy in the Atlantic Community) кітабында осы теорияны алғаш қолданған зеріттеуші [6]. Купердің ойынша аймақтық экономикалық тәуелділік дегеніміз - Әр түрлі елдерде немесе аймақтар арасында экономикалық іс-шаралар арқылы екі жақты және өзара ықпалы мен әсері болады. Батыс елдерінің аймақтық экономикалық тәуелділік туралы тұжырымдамаларын жинақтасақ мынадай қортынды жасауға болады: 1. Әлемдегі барлық елдер немесе аймақтар өзара тәуелді және өзара байланысты, бірақ өзара тәуелділік дәрежесінде айырмашылықтар бар; 2. Елдер немесе аймақтар арасында екі жақты қарама-қайшылықтар мен әсерлер бар, сондықтан экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін екі жақта белсенді болу керек; 3. Аймақтық экономикалық тәуелділіктің мазмұны уақыт өте кеңейе түседі. Сауда және инвестициялық байланыстар елдер арасында тереңдей түскен сайын экономикалық және сауда құрылымдары, саяси байланыстары өзара тәуелді болады; 4. аймақтық экономикалық тәуелділіктің деңгейі үнемі өзгеріп отырады, ал ғалымдар көбіне бұл туралы математикалық модельдер құру арқылы сандық зерттеулер мен талдау жүргізеді. Аймақтар арасындағы немесе елдер арасындағы тәуелділік сол елдердегі халықтар арасында экономиканың тәуелді болуынан ұлттық қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін деген үрейін тудырады. Сол үшін де тәуелділікті зерттеу экономикалық қатынастарды зерттеуде аса маңызды тақырыптардың бірі.

Қытай елінің аймақтық экономикалық қатынастарды зерттеушілері аймақтық экономикалық интеграция туралы өз концепциялары бар. Қытайлық зерттеуші экономист Хан Цайчжэнь (韩彩珍) өзінің «Солтүстік-Шығыс Азиядағы ынтымақтастықты жүйелік талдау» зеріттеуінде аймақтық экономикалық интеграция туралы былай тұжырамдаған [7] : Аймақтағы екі немесе одан да көп ел, теңдік, дербестік, өзіне-өзі тәуелділік және өзара тиімділік қағидаттарына негізделген, бірлескен консультациялар арқылы, белгілі бір ұйымдық құрылым немесе белгілі бір институционалдық шаралар түрінде, аймақтық әр (халықтың экономикалық өмірі) - мемлекет (елдің бөлік өңірлері) ел ішіндегі операциядан аймақтық халықаралық операцияға айналды. Әр елдің экономикалық артықшылықтарын толықтай пайдаланып, аймақ елдерінің сауда, ғылым-техника саласындағы кешенді ынтымақтастық негізінде қаржыны, ресурстар мен жұмыс күші сияқты өндірістік факторларды тиімді орналастыру және үйлестіру, кең аумақты шығынды үнемдеу, аймақтағы елдердің экономикалық дамуын жеделдету және бүкіл аймақтың экономикалық қуаты мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Қытай ғалымдарының аймақтық экономикалық интеграция тұжырымдамалары батыстық ғалымдарымен ешқандай өзгешелігі жоқ барлығының мақсаты бір - Аймақтық ынтымақтыстықтың шарттарын құрып, ресурстарды тиімді бөліске салу,

өндірістік оңтайлы сауда шартын құрып сол арқылы аймақтың және елдің экономикалық қуатын арттыру.

Қытай халықаралық экономикалық қатынастарды зерттеушілері арасында Қытай елі мен маңындағы аймақ елдері экономикалық ынтымақтастықты зерттеуде бір ізді көзқарас болмады, дегенмен соңғы жылдары олардың аймақтық экономикалық интеграция тұжырымдамасынан аймақтық экономикалық ынтымақтастық тұжырымдамасына басымдылық бере бастады. Бұл жөнінде экономист әрі Орталық Азия зерттеушісі Цин Фангмин (秦放鸣) профессордың ҚХР білім министрлігінің философия және әлеуметтік ғылымдарының ірі жобасы «Қытайдың Орталық Азиядағы стратегиясы және қарсы шараларды зерттеу» сериясында жарық көрген «Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы аймақтық экономикалық ынтымақтастық туралы зерттеулер» кітабында айтқандай: «Жаңадан дамып экономикасы өркендеген Қытай елі маңындағы аймақ елдерімен экономикалық қатынастарда аймақтық экономикалық интеграция концепциясын асыра қолданды, бұл маңындағы елдерде күдік пен қарсылық болуы мүмкін. Аймақтық экономикалық интеграция тұжырымын елдердің егемендігін қатер төндіреді деген түсінік пайда болуы мүмкін. Сол үшінде Қытай зерттеушілері аймақтық экономикалық ынтымақтастық концепциясын үйлесімді қолдану керек.» [8] деп атап көрсетті.

Аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың мән-мағынасы кең әлемдегі елдердің тұжырымдамалары әр түрлі. Алайда, әр аймақтық ынтымақтастықтың өзіндік ерекшелігі мен концепциясы бар. Қытай елі және Орталық Азия қатынастарында 2014 жылдан бастап жаңа экономикалық ынтымақтыстық қадамына аяқ басты. Қытайдың «Бір белдеу бір жол» стратегиясының бір бағыты болған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасы әлемдік деңгейде талқылануда, кей зерттеушілер сынни көзқарас ұстанса, кейбірі қолдау көрсетуде. «Жібек жолының экономикалық белдеуі» бастамасының концепциясын зерттеуде Қытай зерттеушілерінің тұжырымдамаларын зерттеп қарастыру бастаманың бастапқы ой түрткілі мен кейінгі даму бағытына талдау жасауда аса маңызды. Қытай зерттеушілері әлемдегі аймақтық экономикалық ынтымақтастықтық роцесіндегі мәселелерді зеріттеп саралап, Қытай елінің маңындағы елдерде экономикалық қатынастардан күман-күдік келтіруден және қатты ұстаным ұстанудан болатын кері-реакция болуының алдын алып аймақтық интеграция ұстанымынан көрі аймақтық экономикалық ынтымақтыстық негізінде өзіндік концепциясын ұсынып отыр.

Бірақ, Орталық Азия елдерінде соның ішінде Қазақстанда да Қытайдың қарқынды экономикалық жобалары мен екпінді сауда саясатынан қауіптену бар және ол ашық байқалуда [9,264-265].

Қытай және Орталық Азия аймақтық экономикалық ынтымақтыстық негізіндегі экономикалық және өндірістік байланыстарда Орталық Азия елдері мен әлемдегі екінші экономикалық қуатты ел Қытай қатынастар АҚШ және Ресей сынды белді елдердің назарында болатыны белгілі. Бастама аясындағы аймақтық экономикалық қатынастар әліде ұзақ уақыттар бойы экономикалық ынтымақтастық пен қатынастардың динамикасын зерттеуді қажет етді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. 沈伯明. 新编国际经济合作(第1版) // 华南理工大学出版社, 2002.1-2 页.
2. Marinov, Eduard. Economic Integration Theories and the Developing Countries // Economic Research Institute at BAS, South-East Europe Research Centre. September 2014.-9 p.
3. Liviu C. Andrei. The economic integration: concept and end of the process // Theoretical and Applied Economics Volume XIX (2012), No. 10(575), pp. 55-70
4. Balassa B. A. The theory of Economic Integration // George Allen and Unwin LTD.1965.-1-2 p.
5. Мировая экономика и международные экономические отношения. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2010. – 287 с.

6. BY PAUL ANDRÉ. ECONOMIC INTERDEPENDENCE AND STRATEGIC THINKING IN SINO-JAPANESE RELATIONS: Reconsidering the amendment of article 9 of the Constitution of Japan // ASIA FOCUS #63–ASIA PROGRAM. February 2018.-12p.
7. 韩彩珍. 东北亚地区合作的制度分析 // 中国经济出版社. 2007.北京.-3p.
8. 秦放鸣. 中国与中亚国家区域经济合作研究 // 科学出版社. 2010. 北京.-3p.
9. Млечин Л.М. Китай – великая держава номер один? – СПб.; БХВ-Петербург. 2012. – 400 с.